

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2019 жылғы 18 қаңтарда № 1 хаттама)
бекітілген

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
ақпаратты ашу қағидалары**

Алматы, 2018 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Қор туралы ақпаратты ашудың негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қағидастарын, тәртібін, нысандары мен көздерін, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға ашылуға жататын ақпараттың тізбесін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

- 1) мүдделі тұлғалар – Қордың қызметіне қандай да бір дәрежеде мүдделі барлық тұлғалар: акционерлер, инвесторлар, әріптестер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдар және басқалар;
- 2) ақпаратты ашу – осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан барлық мүдделі тұлғаларға ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 3) жария көздер – мерзімді баспасөз басылымдары, радио-және телевизиялық хабарлар, интернет-ресурстарды қоса алғанда, интернет желісіндегі жалпыға қолжетімді веб-сайттар;
- 4) корпоративтік оқиғалар – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабында айқындалған акционерлік қоғамның қызметіне елеулі әсер ететін, акционерлік қоғамның акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар;
- 5) бұқаралық ақпарат құралдары – мерзімді баспасөз басылымы, радио және телебағдарлама, кинодокументалистика, аудиовизуалды жазба және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың өзге де нысаны;
- 6) ақпарат беру – бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ауызша және/немесе жазбаша (оның ішінде электрондық) өтініштеріне ауызша және/немесе жазбаша жауаптар беру.

2-тарау. Ақпаратты ашу қағидастары

4. Қоғам туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидастары:

- 1) ақпаратты ашудың жүйелілігі мен уақтылығы;
- 2) ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- 3) ақпарат мазмұнының шынайылығы мен толықтығы;
- 4) теңгерімділік.

5. Ақпаратты ашудың жүйелілігі мен уақтылығы қағидаты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты беру мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Қордың жауапкершілігін білдіреді. Қор Жалғыз акционерге, инвесторларға және барлық мүдделі тұлғаларға Қордың қызметін тұтастай және іске асырылып жатқан өндірістік, инвестициялық, әлеуметтік және басқа да жобаларды түсінудің қажетті шарты ретінде үнемі ұсынудың маңыздылығын түсінеді. Ақпарат оқиғаның басталу фактісіне сәйкес оның маңыздылық дәрежесі бойынша және оның жария ашылуының уақтылығы ескеріле отырып беріледі.

6. Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты Қордың Мүдделі тұлғалар үшін еркін, ауыртпалықсыз және аз шығынды болып табылатын ақпаратты таратудың осындай арналарын таңдауын, сондай-ақ Қордың қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын

өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимінің сақталуын ескере отырып, өз қызметі туралы ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз ету ниетін білдіреді.

7. Шынайылық пен толықтық қағидаты Қордың Жалғыз акционерге және басқа да Мүдделі тұлғаларға шындыққа сәйкес келетін және ашылған фактіні немесе оқиғаны толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпарат берудегі жауапкершілігін білдіреді. Қор ұсынылған ақпараттың үшінші тұлғалардың бұрмаланбауын қадағалайды және мұндай факт анықталған жағдайда бұрмаланулар мен қателіктерді болдырмау бойынша шаралар қабылдайды. Егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тұлғалардың инвестициялық, басқа да шешімдер қабылдауына әсер етуі мүмкін болса, Қор өзі туралы жағымсыз ақпаратты ашудан тартынбайды. Міндетті түрде ашылатын ақпараттан басқа, Қор ерікті негізде, сондай-ақ Жалғыз акционердің талабы бойынша өзінің ағымдағы және жоспарланған өндірістік және басқа қызметі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы ақпаратты, сондай-ақ барлық Мүдделі тұлғалардың Қор қызметін неғұрлым толық түсінуі мақсатында басқа да ақпаратты ұсынады.

8. Теңгерімділік қағидаты бір жағынан Қордың ақпаратты алуға Мүдделі тұлғалардың құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, бірақ Қордың, оның Жалғыз акционерінің мүдделері қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын өзге де ақпаратты құрайтын ақпаратқа қол жеткізуді шектеу бөлігінде қатаң сақталған жағдайда ашықтық пен айқындықтың, екінші жағынан құпиялылықтың ақылға қонымды теңгерімін қамтамасыз етуін білдіреді.

3-тарау. Ақпаратты ашу нысандары

9. Ақпаратты ашу нысандарын Қор барлық мүдделі тұлғалардың ашылатын ақпаратқа еркін және ақылға қонымды шығындармен қол жеткізуін қамтамасыз ететіндей етіп таңдайды.

10. Қор туралы ақпарат келесі нысандарда ашылуы мүмкін:

1) ақпаратты (мәліметтерді және (немесе) құжаттарды), оның ішінде қаржылық есептілікті Қордың www.kfu.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында орналастыру;

2) хабарламалар (баспасөз мәлімдемелері), мақалалар жариялау, Қордың лауазымды тұлғаларымен бұқаралық ақпарат құралдары үшін сұхбаттасу және түсіндірме алу шараларын ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдарының сұратулары бойынша ақпарат беру;

3) мүдделі тұлғалармен дөңгелек үстелдер, баспасөз конференцияларын, семинарлар, кездесулер өткізу, Қордың лауазымды тұлғаларының көпшілік алдында сөз сөйлеуін ұйымдастыру.

4-тарау. Ашылуға жататын ақпараттың тізбесі

11. Қордың қызметі туралы ақпарат мынадай екі топқа бөлінеді:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, әрекеттері Қорға қолданылатын акционердің ішкі құжаттарына, Қордың Жарғысына және (немесе) ішкі құжаттарына сәйкес міндетті және қатаң белгіленген тәртіппен ашылуға жататын ақпарат;

2) Қордың уәкілетті тұлғалары ашатын ақпарат.

12. Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жария дереккөздерде жариялауға міндетті ақпаратты уақтылы және толық ашуды қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

13. Қордың интернет-ресурсы мынадай ең аз ақпаратты қамтуы тиіс:

1) миссия, негізгі міндеттер, мақсаттар мен қызмет түрлері, меншікті капитал мөлшері, активтер мөлшері, таза табыс туралы ақпаратты қоса алғанда, Қор туралы жалпы ақпарат;

2) даму жоспары туралы (кем дегенде стратегиялық мақсаттар); қызметтің басым бағыттары;

3) Қордың Жарғысы және органдардың, комитеттердің, корпоративтік хатшының қызметін реттейтін ішкі құжаттары;

4) этикалық қағидаттар туралы;

5) тәуекелдерді басқару туралы;

6) дивидендтік саясат туралы;

7) келесі мәліметтерді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелері туралы: фотосуреті (Директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, Директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттеріне мүшелік немесе Директорлар кеңесі төрағасының функцияларын орындау, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқарып жүрген басқа да лауазымдар, кәсіби біліктілігі, директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні және әрекеттегі директорлар кеңесіне сайланған күні, үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі, тәуелсіз директорлардың өлшемшарттары;

8) келесі мәліметтерді қоса алғанда, Басқарма мүшелері туралы: фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары, үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі;

9) жылдық қаржылық есептілік;

10) сыртқы аудитор туралы;

11) сатып алу қағидаларын, хабарландыруларын және нәтижелерін қоса алғанда, сатып алу қызметі туралы;

12) келесі мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, Жалғыз акционер, оған тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі туралы мәліметтер, меншік құқықтарына иелік ету тәртібі;

13) барлық деңгейдегі үлестес ұйымдар туралы ақпаратты қоса алғанда, олардың қызмет саласын қысқаша көрсете отырып, активтердің құрылымы туралы;

14) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы;

15) мәміле тараптары, мәміленің елеулі шарттары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, жасауға мүдделілігі бар мәмілелер туралы;

16) мәміле тараптары, мәміленің елеулі шарттары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы;

17) орнықты даму саласындағы қызмет туралы;

18) жаңалықтар мен баспасөз мәлімдемелері туралы.

14. Қор «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңында көзделген корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізуге міндетті.

15. Қордың Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер Қордың жарғысында белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі.

5-тарау. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат

16. Қор қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құпиялы ақпаратты қорғау бойынша жеткілікті шаралар қабылдайды, осындай ақпараттың тізбесін белгілейді, Қордың ашықтығы мен оның мүдделерін қорғау арасындағы ақылға қонымды теңгерімді сақтай отырып, құпиялылықты және онымен жұмыс істеу режимін қамтамасыз етеді.

17. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құпиялы ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдарға мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесінің мүшелері (Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша);

2) Басқарма төрағасы (Қор қызметінің барлық мәселелері бойынша);

3) Басқарма мүшелері (жетекшілік ететін мәселелер бойынша);

4) Корпоративтік хатшы (корпоративтік хатшы ретінде қызметті жүзеге асыруға байланысты);

5) Қордың ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілген ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлер (өз қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде).

18. Құпиялы ақпаратты мынадай құжаттар мен мәліметтер құрайды:

1) мұндай шешімдерде жалпыға қолжетімді ақпарат болатын жағдайларды қоспағанда, Қордың уәкілетті органдарының (акционердің, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің, Басқарманың, олар құрылған жағдайда өзге де органдардың) шешімдері;

2) мұндай шешімдерде жалпыға қолжетімді ақпарат болатын жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі мен Басқарма, Директорлар Кеңесі жанындағы Комитеттер отырыстарының материалдары;

3) Қор контрагенттермен жасасатын шарттар/келісімдер;

4) бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары мен тіркелімдерінің мазмұны;

5) салық есептілігі;

6) бизнес-жоспар (бюджет);

7) эмитенттердің реттелген облигациялары мен өзге де бағалы қағаздарын сатып алуға қатысты материалдар мен құжаттар;

8) екінші деңгейдегі банктің сатып алынған акцияларын басқару жоспары (бар болса);

9) ЕДБ-мен, ҚР Ұлттық банкімен, өзге де үшінші тұлғалармен хат алмасу (құпиялы ақпаратты қамтымайтын мәліметтерді, сондай-ақ ашық ақпарат көздерінде жарияланатын мәліметтерді қоспағанда);

10) азаматтар (банктердің қарыз алушылары және т.б.) туралы кез келген дербес (жеке) деректерді тіркейтін құжаттар мен деректер базасы;

11) қызметкерлердің дербес деректері;

12) ақпараттық ресурстарға әкімшілік қол жеткізу үшін есептік деректер (қол жеткізу парольдері және т.б.);

13) қызметкерлердің жалақысы туралы мәліметтер;

14) ҚР Ұлттық Банкіне есеп беру (қаржылық есептілікті қоспағанда);

15) Қордың ішкі құжаттары (құпиялы ақпаратты қамтымайтын ішкі құжаттарды, сондай-ақ Қордың интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын ішкі құжаттарды қоспағанда);

16) Қордың Басқарма төрағасының құпиялы мәліметтерді қамтитын бұйрықтары, өкімдері;

17) құпия мәліметтерді қамтитын қызметтік хат алмасу (қызметтік жазбахаттар, түсіндірме жазбалар, баяндамалар және т.б.);

18) салыстырып тексеру актілері, басшылықты, тауар-материалдық құндылықтарды ауыстыру кезінде қабылдау-тапсыру актілері, атқарылған жұмыс туралы есептер (егер оларда құпиялы ақпарат болған жағдайда), қаржылық есептер, Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде ұсынылатын екінші деңгейдегі банктердің есептері;

19) Қор жүргізетін/Қорда жүргізілетін тексерулер бойынша қорытындылардың нәтижелері;

20) Қордың «Күпия» деген белгісі бар өзге де құжаттары мен мәліметтері.

19. Ашылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының не Қордың ішкі құжаттарының талаптарына байланысты ақпарат күпиялы ақпарат болып табылмайды.

20. Заңмен қорғалатын өзге де күпия деп банк күпиясы, сақтандыру күпиясы, зейнетақы жинақтарының күпиясы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де күпия түсініледі.

21. Үшінші тарап ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ Қордың және/немесе оның акционерінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым осы ұйымдар арасында күпиялылық туралы келісім және/немесе шарт болған кезде Қордың күпиялы ақпараты бар құжаттармен танысуға және олармен жұмыс істеуге жіберілуі мүмкін.

22. Қор мен қарсы әріптестер арасында жасалған шарттардың/келісімдердің талаптарын орындау мақсатында мәліметтер мен құжаттаманы қарсы әріптестерге беру күпиялы ақпаратты жария ету болып табылмайды.

6-тарау. Ақпаратты ашу үшін жауапкершілік

23. Қор және оның қызметі туралы ақпаратты ашу құқығы берілген адамдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияны жария еткені үшін жауапты болады.

24. Қордың мүдделі құрылымдық бөлімшелері Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының және Қордың өзге де ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ашылуға жататын шынайы және толық ақпаратты дайындауға жауапты болады.

25. Мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының және Қордың өзге де ішкі құжаттарының, сондай-ақ еңбек шартының немесе Қормен жасалған күпиялылық туралы келісімнің (шарттың) талаптарына сәйкес қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияны жария еткені үшін жауапты болады.

7-тарау. Қорытынды ережелер

26. Осы Қағидалар оларды Қордың Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі. Осы Қағидаларға кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Қор Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Қағидалардың жекелеген баптары оларға қайшы келсе, Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.